

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газ және газбен жабдықтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 116-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газ және газбен жабдықтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2018 жылғы 4 қыркүйектегі
№ 116-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газ және газбен жабдықтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілерді сапалы, уақтылы әзірлеуге және енгізуге жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімінің күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭМ ҰЭМ	2018 жылғы қыркүйек	М . М . Мырзағалиев М . С . Жүнісбекова

2.	"Тауарлық және сұйытылған мұнай газын ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 209 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2018 жылғы қараша	М . М . Мырзағалиев
3.	Электрондық сауда алаңдары арқылы сұйытылған мұнай газы сауда-саттығын ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2018 жылғы қараша	М . М . Мырзағалиев
4.	"Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау және өткізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсынудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 31 қазандағы № 92 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2018 жылғы қыркүйек	М . М . Мырзағалиев
5.	Тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын есептеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2018 жылғы қыркүйек	М . М . Мырзағалиев
6.	"Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 22 қазандағы № 68 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2018 жылғы қыркүйек	М . М . Мырзағалиев
7.	Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2018 жылғы қыркүйек	М . М . Мырзағалиев
8.	Сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2018 жылғы қыркүйек	М . М . Мырзағалиев
9.	"Газ желісі ұйымдарын аккредиттеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 153 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2020 жылғы қараша	М . Ж . Досмұхамбетов
	Сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін	Қазақстан Республикасы	ЭМ		

10	шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылар тізбесін бекіту туралы	Энергетика Министрінің бұйрығы		2018 жылғы қараша	М. М. Мырзағалиев
11	Сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөнінде комиссия құру туралы	облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдігінің қаулысы	облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері	2018 жылғы желтоқсан	облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімі аппаратының басшылары

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭМ - Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

ҰЭМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі